

"Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 11-1-2/28 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 11-1-4/693 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 желтоқсанда № 31115 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 11-1-2/28 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13590 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 11-1-2/28 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 11-1-4/393 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22005 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
міндетін атқарушы

К. Умаров

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
Министрлігі

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК